

Инвесторлар үшін "бір терезені" ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 585 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 586 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 586 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Инвесторлар үшін "бір терезені" ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ инвесторлар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі бекітілсін.

2. "Инвесторлар үшін "бір терезе" қызметін ұйымдастыру туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1133 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 77-78-79, 580-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметің
2019 жылғы 13 тамыздағы
№ 585 қаулысымен
бекітілген

Инвесторлар үшін "бір терезе" қызметін ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Бір терезені" ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-1-бабының 2-тармағына сәйкес өзірленді.

Қағидалар сыртқы, орталық және өнірлік деңгейлерде инвесторлар үшін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді тарту, сүйемелдеу және көрсету жөніндегі қызметтің тиімділігін арттыру арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – арнаіры инвестициялық келісімшарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын инвестициялық келісімшарттар жасасу және олардың орындалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;

2) инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания (бұдан әрі – ұлттық компания) – инвестициялық жобаларды іске асыру шарттарының перспективаларын талқылау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұдделерін білдіретін ұлттық компания мәртебесі бар заңды тұлға;

2-1) Task Force – Ұлттық компанияның инвестиациялар туралы келісімдерге қол қойылуға тиіс инвестициялық жобалар пулын қалыптастыруға және сүйемелдеуге жауап беретін инвестиациялар тарту саласындағы құрылымдық бөлімшесі;

3) инвестицияларды тарту саласындағы өнірлік ұйым (бұдан әрі – өнірлік ұйым) – инвестицияларды тарту және инвесторларды сүйемелдеу мақсатында жергілікті атқарушы органдың шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

4) инвесторлар үшін "бір терезе" қағидаты – инвесторлардың құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейтін ұлттық компанияның және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінің, өнірлік ұйымдарының тарапынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтері, сондай-ақ өзге ұйымдар көрсететін басқа да қызметтерді алуда инвесторларға жәрдемдесудің орталықтандырылған нысаны;

5) көрсетілген қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар мен ұйымдар, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ заңды тұлғалар;

6) инвесторды "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеу (бұдан әрі – инвесторды сүйемелдеу) – инвестицияларды тарту саласындағы ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, инвестицияларды тарту саласындағы өнірлік ұйымдар тарапынан инвесторға ақпараттық, консультациялық, ұйымдастырушылық жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар кешені ;

7) Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңес (Инвестициялық штаб) – Қазақстан Республикасының аумағында пысықталатын және инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясат шенбөрінде әлеуетті инвесторлармен жұмысты жандандыруға бағытталған инвестициялық жобалар бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар тұжырымдау, оның ішінде кейінге қалдыру шарттарын, сондай-ақ Үкімет басшылығының деңгейінде шешімдер қабылдауды талап ететін инвестициялық жобалар бойынша мәселелерді қарауды ескере отырып тұжырымдау мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

8) "Investor relationship management" ақпараттық мониторинг жүйесі (бұдан әрі – IRM) – қазақстандық, шетелдік инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін инвесторлар, инвестициялық жобалар, өндірістік алаңдар және әлеуетті инвесторлардың ақпараттық сауалдары туралы толық, дұрыс және өзекті ақпарат қамтылған бірыңғай ақпараттық алаң;

8-1) инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы – бастамашылары жеке кәсіпкерлік субъектілері (отандық және шетелдік инвесторлар) болатын, құны 500 (бес жүз) миллион теңгеден асатын, экономиканың шикізатқа қатысты емес салаларында іске асырылатын және пысықталатын жобалардың уәкілетті орган қалыптастыратын тізбесі;

9) инвестициялық жоба (бұдан әрі – Жоба) – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістерді құруды, қолданыстағы өндірістерді кеңейтуді және (немесе) жаңартуды көздейтін іс-шаралар кешені;

10) инвестор – Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

11) фронт-офистер жүйесі – консультацияларды, мемлекеттік және өзге де қызметтерді көрсету, кездесулер, келіссөздер және Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылымын өткізу үшін қажетті инфрақұрылымы бар арнайы бөлінген алаңдарда жүзеге асырылатын осы Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген мүдделі органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін үш деңгейлі (сыртқы, орталық және өнірлік деңгей) жүйе.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасында инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында ұлттық компанияның және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінің,

өнірлік ұйымдардың инвесторларды "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеуін ұйымдастыру тәртібі

3. Осы Қағидалар шеңберінде инвесторларға қызметтер көрсету сыртқы, орталық және өнірлік деңгейлердегі фронт-офистер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері, Ұлттық компанияның өкілдіктері мен өкілдері, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ инвестициялық саясатты іске асыруға және инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге, сондай-ақ инвесторлардың Қазақстан Республикасында өндірілген өнімдерін ілгерілетуге жауапты ұйымдардың өкілдіктері мен өкілдері сыртқы деңгейдегі фронт-офистердің субъектілері болып табылады.

Ұлттық компания, Task Force, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және өнеркәсіптік-инновациялық қызметті қолдау және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы басқа да ұйымдар орталық деңгейдегі фронт-офистердің субъектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері, Ұлттық компанияның өнірлік өкілдіктері және өкілдері, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары айқындастын өнірлік ұйымдар, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ инвестициялық саясатты іске асыруға, жобаларды іске асыруға және сүйемелдеуге жауапты өнеркәсіптік-инновациялық қызметті, инвестициялық қызметті қолдау мен шағын және орта бизнесті дамыту саласындағы ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсететін өзге де ұйымдардың өкілдіктері мен өкілдері өнірлік деңгейдегі фронт-офистердің субъектілері болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - КР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сыртқы және орталық деңгейдегі фронт-офистердің қызметін ұйымдастыру және қаржыландыру – республикалық бюджеттен, өнірлік деңгейдегі фронт-офистер жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

5. Экономиканың барлық салаларында инвестициялар көлемі 7500000 (жеті миллион бес жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен басталатын жобаларды іске асыратын инвесторларға қатысты "бір терезе" қағидаты бойынша қызметтер көрсетуді Task Force жүзеге асырады.

Экономиканың барлық салаларында инвестициялар көлемі 150000 (бір жүз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен басталатын жобаларды іске асыратын

инвесторларға қатысты "бір терезе" қағидаты бойынша қызметтер көрсетуді Үлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері жүзеге асырады.

Экономиканың барлық салаларында инвестициялар көлемі 150000 (бір жұз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен аз жобаларды іске асыратын қалған инвесторларға қатысты "бір терезе" қағидаты бойынша қызметтер көрсетуді өнірлік ұйымдар жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Инвесторларды "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеу фронт-офистер арқылы мынадай функцияларды орындау арқылы жүзеге асырылады:

сыртқы деңгейдегі фронт-офис субъектілерінің функциялары:

1) әлеуетті инвесторларды ақпараттық-консультациялық қолдау, оның ішінде Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат беру;

2) әлеуетті инвесторлардың, оның ішінде трансұлттық және басқа да компаниялардың Қазақстан Республикасына сапарларын ұйымдастыру;

3) шетелдік компанияның, оның ішінде зәкірлі және трансұлттық компаниялардың Қазақстан Республикасына инвестициялау ниеттерін растайтын құжаттарға қол қою;

4) экономиканың барлық салаларында әлеуетті шетелдік инвесторларды сәйкестендіру;

5) болу елінде үкіметтік, үкіметтік емес және корпоративтік секторлардың компанияларымен іскерлік байланыстар орнату;

6) шетелдік инвесторлардың жалпы дерекқорын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының елшілігін немесе консулдығын хабардар ете отырып, жетекшілік ететін елде ірі компаниялармен, оның ішінде зәкірлі және трансұлттық компаниялармен кездесулер өткізу;

7) қайта инвестициялауға ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасында инвесторлар өндірген өнімді ілгерілету және инвестицияларды тарту мәселелері бойынша екіжақты сапарларға, іскерлік кеңестерге қатысу;

8) болу еліндегі іскерлік қоғамдастықтарда инвестициялық ұсыныстарды ілгерілету;

9) болу елінің аумағында инвестициялық сипаттағы іс-шараларды (роуд-шоу, бизнес-форумдар, дөңгелек үстелдер және т. б.) ұйымдастыру және оларға қатысу арқылы Қазақстан Республикасының инвестициялық имиджін ілгерілету;

10) болу елдерінің мұдделі топтарын Қазақстан Республикасында және болу елінде алдағы болатын ең маңызды инвестициялық іс-шаралар туралы хабардар ету;

11) шетелдік ірі компаниялардың тізбесін қалыптастыру;

12) кездесулердің, ұйымдастырылған сапарлардың және қол қойылған меморандумдардың қорытындылары бойынша қол жеткізілген инвестициялық уағдаластықтардың іске асырылуына талдау және мониторинг жүргізу;

13) қайта инвестициялауға ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасында инвесторлар өндірген өнімді ілгерілету;

14) елдік талдауды қалыптастыру үшін ақпарат жинау;

15) инвесторлардың жүйелі проблемалық мәселелері бойынша ұсыныстарды анықтау және енгізу;

16) тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету және уәкілетті органға есеп ұсыну;

17) мемлекеттік және өзге де қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді қамтамасыз ету;

18) инвестициялық жобалар мен бастамалар бойынша IRM ақпаратын қалыптастыру және өзектендіру;

19) инвестициялық қызмет туралы деректерді жыл сайын жаңарта отырып, елдік инвестициялық бағдарламаларды өзірлеуге қатысу;

орталық деңгейдегі фронт-офис субъектісінің функциялары:

1) Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

2) инвесторлардың қызметін сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде инвесторлардың мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерімен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулерін ұйымдастыру, инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдар, конференциялар және семинарлар өткізу, жұмыс істеп тұрған және перспективалы инвесторлардың дерекқорын қалыптастыру және жүргізу, инвесторларға туындастын мәселелерді шешуде жәрдем көрсету;

3) Қазақстан Республикасының қолайлы инвестициялық имиджін ілгерілету, оның ішінде инвестициялық мүмкіндіктер туралы ақпарат беру;

4) инвесторлармен келіссөздер қорытындысы бойынша қол жеткізілген ресми уағдаластықтарды іске асыру мониторингін жүргізу;

5) инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын өнеркәсіптік-инновациялық жобаларға мониторинг жүргізу;

6) мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ өзге ұйымдар көрсететін басқа да қызметтерді алуда инвесторларды сүйемелдеу бөлігінде "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау;

7) өнірлік деңгейдегі фронт-офистердің мемлекеттік және өзге де қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуіне мониторингті жүзеге асыруда уәкілетті органға жәрдем көрсету;

8) инвесторларға қаржыландыруды құрылымдау және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін рұқсат беру құжаттарын алу мәселелері бойынша жәрдем көрсету;

өнірлік деңгейдегі фронт-офис субъектілерінің функциялары:

1) тиісті өнірдің инвестиациялық тартымдылығын жақсарту бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

2) инвесторлардың қызметін ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жергілікті және орталық мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерімен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулер үйымдастыру, инвестиациялық тақырып бойынша бизнес-форумдар, конференциялар және семинарлар өткізу, инвесторлардың өнірлік дерекқорын қалыптастыру және жүргізу;

3) өнірдің қолайлы инвестиациялық имиджін ілгерілету, оның ішінде өнірдің инвестиациялық мүмкіндіктері туралы ақпарат беру;

4) инвесторлармен келіссөздер қорытындысы бойынша қол жеткізілген ресми уағдаластықтарды іске асыру мониторингін жүргізу;

5) өңір аумағында инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын өнеркәсіптік-инновациялық жобаларға мониторинг жүргізу;

6) ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері өткізген, оның ішінде шет мемлекеттің аумағында үйымдастырған инвестиациялық тақырып бойынша іс-шараларға қатысу;

7) ұлттық компанияға және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктеріне өнірдегі инвестиациялық қызмет, оның ішінде инвестиацияларды талап ететін өнеркәсіптік-инновациялық жобалар, инвесторлар туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде ұсыну;

8) мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ өзге үйымдар көрсететін басқа да қызметтерді алу кезінде инвесторларды сүйемелдеу бөлігінде "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторлармен өзара іс-қимыл жасасу;

9) инвесторлардың туындаған мәселелерін шешуге, оның ішінде құрылтай құжаттарына сәйкес қолда бар өкілдіктер шегінде орталық мемлекеттік органдармен және үйымдармен кездесулерге бастамашылық ету жолымен көмек көрсету;

10) инвесторларға инженерлік коммуникациялар жүргізуге, жер участкерлері бойынша ақпарат алуға, оларды ресімдеуге, беруге, сондай-ақ инвестиациялық жобаларды іске асыру үшін өзге де рұқсат беру құжаттарын алуға жәрдем көрсету.

Осы Қағидалардың 6-тармағы үшінші абзацының 2), 8) және 9) тармақшаларында көзделген өнірлік деңгейдегі фронт-офистер субъектілерінің функцияларын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және

жергілікті атқарушы органдарын қоспағанда, өнірлік деңгейдегі фронт-офистердің барлық субъектілері жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тaraу. Орталық және өнірлік деңгейде инвестицияларды тарту үшін инвестициялық жобаларды сүйемелдеуді ұйымдастыру мәселесі бойынша үекілетті органның ұлттық компаниямен және оның өнірлік өкілдерімен және өкілдіктерімен, өнірлік ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі

7. Ұлттық компаниямен және оның өнірлік өкілдерімен және өкілдіктерімен, өнірлік ұйымдармен өзара іс-қимыл шенберінде үекілетті орган:

1) кеңестерді ұйымдастыру және жұмыс топтарын құру жолымен проблемалық мәселелерді шешу бойынша инвесторларға жәрдем көрсетеді;

2) Инвестициялық штабтың отырысына инвестициялық ахуалды және инвестициялық, оның ішінде іске асырылуында прогресс жоқ жобаларды жақсарту жөніндегі мәселелерді шығарады;

3) инвесторлардың проблемалық мәселелерін шешу бойынша жүргізілген жұмыс туралы ақпарат сұратады.

Ескерту. 7-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Үекілетті орган фронт-офистермен өзара іс-қимыл шенберінде:

1) сыртқы және орталық фронт-офистердің мақсаттары мен міндеттерін айқындаиды;

2) фронт-офистер қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) олардың тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін әзірлейді және фронт-офистерге жібереді;

4) фронт-офистердің қызметіне баға береді;

5) ұлттық компанияның орталық және өнірлік деңгейдегі фронт-офистердің қызметі туралы есебін қабылдайды;

6) орталық және өнірлік деңгейдегі фронт-офис субъектілерінің мемлекеттік және өзге де қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуі бойынша мониторингті жүзеге асыру үшін ұлттық компаниядан ақпарат сұратады;

7) ұлттық компанияның елдік және өнірлік талдау нәтижелерін, сондай-ақ инвестициялар тарту саласындағы халықаралық тәжірибелі сұратады;

8) инвесторлармен өткізілген кездесулер мен келіссөздер қорытындылары туралы ақпарат сұратады;

9) ұлттық компанияның және өнірлік ұйымдардың инвестициялық іс-шараларының тақырыбын, өткізу күнін және орнын келіседі;

10) сыртқы деңгейдегі фронт-офистердің қызметі бойынша есептілікті қабылдайды.

4-тарау. Ұлттық компанияның және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінің, өнірлік ұйымдардың инвестициялар тарту мәселелері бойынша шет елдегі мекемелермен, мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, сондай-ақ өзге де мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі

9. Фронт-офистермен өзара іс-қимыл шеңберінде қызмет берушілер:

1) фронт-офис субъектілерінің өтініші бойынша инвесторлардың мемлекеттік қызметтерді және олармен байланысты қызметтерді алуға арналған өтінімді дайындау және ресімдеу үшін қажетті материалдарды, құжаттарды және өзге де ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді;

2) фронт-офис субъектілерінің өтініші бойынша электрондық немесе жазбаша нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін уақтылы түсіндіруді қамтамасыз етеді.

10. Ұлттық компания және Task Force сыртқы деңгейдегі фронт-офистермен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде:

1) сыртқы деңгейдегі фронт-офис субъектілерінің сұрауы бойынша:

а) инвестормен кездесулер өткізеді, қажет болған жағдайда оның тиісті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, оның ішінде өнірлік деңгейде кездесулерін қамтамасыз етеді;

б) Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды іске асыру мақсатында мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алу үшін құжаттарды жинау, дайындау және ресімдеу кезінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсетеді;

2) Қазақстан Республикасының және өнірлердің инвестициялық әлеуеті, инвестициялық ахуалы туралы талдамалық және ақпараттық материалдарды жібереді, оларда:

а) ахуал, халық, коммуналдық қызметтердің, электр энергиясының тарифтері, бағыттар, логистика және т. б.;

б) өнірлер бойынша бөле отырып, инвестицияларды талап ететін жобалар және тауаша жобалар;

в) шетелдік инвесторлар үшін әлеуетті серіктестер;

г) дайын және жоспарланып отырған индустриялық аландар;

д) кадрлық әлеует;

е) мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат қамтылады;

3) инвесторлармен жұмысты жақсарту бойынша семинарлар өткізеді;

4) IRM жұмысын және оған қол жеткізуді қамтамасыз етеді және рұқсат береді;

5) елдік инвестициялық талдау жүргізу үшін ақпарат сұратады.

Ескерту. 10-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Ұлттық компания және Task Force өнірлік деңгейдегі фронт-офицермен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде:

1) өнірлік деңгейдегі фронт-офицер субъектілерінің сұрау салулары бойынша мемлекеттік қолдауды ұсыну шаралары, тәртібі, шарттары мен көлемдері туралы ақпаратты, оның ішінде инвесторлар үміткер болуы мүмкін қолдау құралдары туралы ақпаратты ұсынады;

2) инвесторлармен жұмысты жақсарту бойынша семинарлар өткізеді;

3) Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды іске асыру мақсатында құжаттарды жинау, дайындау және ресімдеу кезінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсетеді;

4) IRM жұмысын қамтамасыз етеді;

5) инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру мақсатында атқарылған жұмыс туралы есепті сұратады;

6) өнірлік инвестициялық талдауды қалыптастыру үшін ақпарат сұратады.

Ескерту. 11-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Уәкілетті органмен, Ұлттық компаниямен және Task Force-пен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде өнірлік деңгейдегі фронт-офицер:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаларды табысты іске асыру үшін бірлесіп күш-жігер жұмсайды;

2) өнірдің инвестициялық әлеуеті, инвестициялық ахуалы туралы талдамалық және ақпараттық материалдарды жібереді оларда:

а) климаты, халқы, коммуналдық көрсетілетін қызметтердің, электр энергиясының тарифтері, бағыттар, логистика туралы және басқа да ақпарат;

б) жоба бойынша жартыжылдық негізде өзекті ақпараты және есеп-қисабы бар (қаржылық көрсеткіштер, тұтыну, экспорт/импорт, экспорттық әлеует және басқа да ақпарат), инвестицияларды талап ететін тауаша жобалар;

в) шетелдік инвесторлар үшін әлеуетті әріптестер;

г) дайын және жоспарланып отырған индустрологиялық аландар;

д) кадрлық әлеует туралы ақпарат қамтылады;

3) инвестициялар көлемі 150000 (бір жұз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен аз және экономиканың барлық салаларында іске асырылатын жобаларды іске асыру бойынша атқарылған жұмыс туралы есептер ұсынады;

4) іске асырылатын және әлеуетті инвестициялық жобалардың қажетті өзекті ақпараты бар бірыңғай пулын тиісті салалық мемлекеттік органдармен келісу бойынша тоқсан сайынғы негізде жібереді;

5) шетелдік инвестициялар қатысатын табысты жобалардың іске асырылуын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша бірлескен жұмысты жүргізеді;

6) өнірдің инвестиациялық мүмкіндіктерін таныстыру мақсатында әзірленетін таныстырылымдық-имидждік материалдардың жобаларын келісуге жібереді;

7) инвестордың сұратуы бойынша ақпаратты 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді;

8) дипломатиялық арналар арқылы шетелдік тараппен инвестициялық ынтымақтастық туралы ресми хат алмасуды жүргізеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Сыртқы деңгейдегі фронт-офистер өңірлік деңгейдегі фронт-офистермен өзара іс-қимыл шенберінде:

1) елдік және өнірлік талдаулармен алмасуды жүзеге асырады;

2) инвесторлардың жергілікті әріптестерді іздестіру туралы сұрау салуларын жолдайды;

3) әлеуетті инвесторлар туралы ақпарат береді.

14. Өңірлік деңгейдегі фронт-офистер сыртқы деңгейдегі фронт-офистермен өзара іс-қимыл шенберінде:

1) инвесторларды іздестіру туралы сұрау салулар жібереді;

2) әлеуетті тауашалар туралы ақпарат береді.

15. Сыртқы деңгейдегі фронт-офистер орталық деңгейдегі фронт-офиспен өзара іс-қимыл шенберінде:

1) инвесторларға консультациялар беру үшін қажетті ақпаратты сұратады;

2) елдік инвестиациялық талдау үшін ақпарат береді;

3) әлеуетті инвесторлардың тізбесін қалыптастырады және ұсынады;

4) дайын инвестиациялық ұсыныстарды, оның ішінде халықаралық стандарттар бойынша дайындалған ұсыныстарды таргеттей отырып, әлеуетті инвесторлармен нақты келіссөздер жүргізеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-1. Уәкілетті органмен, Ұлттық компаниямен және Task Force-пен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде орталық деңгейдегі фронт-офистер:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаларды табысты іске асыру үшін бірлесіп күш-жігер жұмсайды;

2) бірлескен бұйрықпен инвесторларға қызметтер көрсету және оларды мемлекеттік органдарда сүйемелдеу шеңберінде өзара іс-қимыл жасау үшін жауапты адамдарды және ақпарат/қызметтер ұсыну мерзімдерін айқындайды;

3) инвестициялар көлемі 150000 (бір жұз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен басталатын жобаларды, оның ішінде көлемі 7500000 (жеті миллион бес жұз мың) айлық есептік көрсеткіштен басталатын және экономиканың барлық салаларында іске асырылатын жобаларды іске асыру бойынша атқарылған жұмыс туралы есептер ұсынады;

4) іске асырылатын және әлеуетті инвестициялық жобалардың қажетті өзекті ақпараты бар бірыңғай пулын жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша тоқсан сайынғы негізде жібереді;

5) жоба бойынша жартыжылдық негізде өзекті ақпараты мен есеп-қисабы бар (қаржылық көрсеткіштер, тұтыну, экспорт/импорт, экспорттық әлеует және т.б.), инвестицияларды талап ететін тауаша жобалар бойынша ақпарат жібереді;

6) ақпаратты инвестордың сұратуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді;

7) мемлекеттік қолдау көрсету шаралары, тәртібі, шарттары мен көлемі туралы ақпарат, оның ішінде инвесторлар үміткер болатын ықтимал қолдау құралдары туралы ақпарат алмасады;

8) Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі инвестициялық іс-шараларға (бизнес-форумдар, роуд-шоулар, конференциялар, семинарлар/вебинарлар және өзге де іс-шаралар) қатысады;

9) дипломатиялық арналар арқылы шетелдік тараппен инвестициялық ынтымақтастық туралы ресми хат алмасуды жүргізеді;

10) экономиканың жекелеген салаларының инвестициялық мүмкіндіктерін және мемлекеттік қолдау шараларын таныстыру мақсатында әзірленетін таныстырылымдық-имидждік материалдардың жобаларын келісуге жібереді;

11) бірлескен бұйрық негізінде шетелдік инвестициялар қатысатын табысты жобалардың іске асырылуын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша бірлескен жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 4-тaraу 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-2. Уәкілетті орган және Ұлттық компания фронт-офистер жүйесімен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде:

1) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде инвестордың сұратуы бойынша ақпарат алмасады;

2) Қазақстанның инвестиациялық ахуалы, сондай-ақ әлеуетті инвесторлар үшін өндеуші өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау туралы бірлескен семинарлар/вебинарлар өткізеді.

Ескерту. 4-тарау 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 425 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тарау. Инвесторлардың инвестиациялық қызметтің жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар көрсететтің мемлекеттік және басқа да қызметтер көрсету процесінің мониторингі, сондай-ақ инвестицияларды тарту үшін инвестиациялық жобаларды сүйемелдеу мониторингінің тәртібі

16. Инвесторларды сүйемелдеу, сондай-ақ фронт-офистер субъектілері ұсынатын инвесторлар үшін мемлекеттік және өзге де көрсетілеттің қызметтерді уақтылы және сапалы ұсыну жөніндегі қызметтің мониторингін уәкілетті орган жүзеге асырады.

17. Уәкілетті орган қызметті бағалау және түйінді көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша жүргізілеттің жұмыс шеңберінде тоқсан сайынғы негізде ұлттық компания және сыртқы деңгейдегі фронт-офис субъектілері ұсынатын ақпарат негізінде фронт-офис субъектілерінің жобаларды сүйемелдеу процесіне, сондай-ақ мемлекеттік және басқа да қызметтер көрсетуіне мониторинг жүргізеді

18. Өнірлік деңгейдегі фронт-офистер субъектілері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде атқарылған жұмыс туралы есепті ұлттық компанияға жібереді.

Ұлттық компания өзінің өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінен, өнірлік деңгейдегі фронт-офис субъектілерінен алынған деректер негізінде өнірлік және орталық деңгейдегі фронт-офис субъектілерінің қызметті туралы тоқсан сайынғы жиынтық есепті қалыптастырады және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей жиынтық есепті уәкілетті органға жібереді.

19. Сыртқы деңгейдегі фронт-офис субъектілері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей атқарылған жұмыс туралы есепті уәкілетті органға жібереді.

20. Мониторинг нәтижелері ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ туындастын жүйелі және жедел мәселелерді шешу бойынша тиісті шараларды уақтылы анықтау және қабылдау үшін пайдаланылады.

21. Мониторинг жүргізу нәтижелері туралы қалыптастырылған есеп уәкілетті органның ақпараттық ресурсында орналастырылады.

6-тaraу. "Бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін құжаттарды ресімдеу тәртібі

22. Ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар инвесторлардың көрсетілетін қызметті берушілерге мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құжаттарын берген сәттен бастап және осы мемлекеттік қызметтерді бергенге дейін мемлекеттік қызметтерді уақтылы және толық көрсету және инвесторларға консультациялық қолдау көрсету мәселелері бойынша инвесторды сүйемелдеуді жүзеге асырады.

23. Ұлттық компанияға және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктеріне, өнірлік ұйымдарға жүгінген инвесторлар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында белгіленген тізбе бойынша құжаттарды (бұдан әрі – инвестордың құжаттары) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес отінішті ұсынады.

Ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар инвестордың құжаттарын фронт-офистерде қабылдайды.

24. Инвесторлардың ұлттық компанияға және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктеріне, өнірлік ұйымдарға тиісті түрде толтырылған және ұсынылған құжаттарын ұлттық компания, оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдары көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің талаптары мен стандарттарына сәйкес келмейтін құжаттарды қайтарған жағдайда ұлттық компания, оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар бір жұмыс күні ішінде инвесторды немесе оның өкілін хабардар етеді.

Ұлттық компания, оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар инвестордан немесе оның өкілінен қажетті құжаттарды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды қайта жолдайды.

25. Ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар құжаттарды қабылдаған кезде инвесторға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру күнін көрсете отырып, қабылданған тиісті құжаттар туралы қолхат береді.

26. Инвесторға дайын құжаттарды беруді ұлттық компанияның қызметкери, оның өнірлік өкілдері және өкілдігі, өнірлік ұйым жеке басын куәланышыратын құжатты (не сенімхатты) ұсынған кезде қабылданған құжаттар туралы қолхаттың негізінде жүзеге асырады.

27. Ұлттық компания мен оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінің, өнірлік ұйымдардың, көрсетілетін қызметті берушілердің инвестордың құжаттарын алу уақыты және ұлттық компания мен оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктерінің, өнірлік ұйымдардың дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті берушілерден алу уақыты мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

28. Көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзған жағдайда ұлттық компания және оның өнірлік өкілдері мен өкілдіктері, өнірлік ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге осы бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға дереу қағаз және (немесе) электрондық нысандарда хабарлама жібереді.

Инвесторлар үшін "бір терезе"
қызметтің ұйымдастыру қағидаларына,
сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде
өзара іс-қымыл тәртібіне қосымша

нысан

(

**инвестицияларды тарту саласындағы ұлттық компанияның/ өнірлік өкілдің немесе
өкілдіктің/ өнірлік ұйымның атауы) Өтініш**

Мен, _____,
(ұйымның атауы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
жеке басын қуәландыратын құжаттың деректемелері: _____
_____,
(жеке басын қуәландыратын құжатты, құжаттың берілген күні мен нөмірін
көрсету)

Сізден _____
(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы) мемлекеттік көрсетілетін
қызметті/қызметтерді алу үшін құжаттарды қабылдауды сұраймын.

Мына құжаттардың тізбесін қоса беріп отырмын:

1. _____;
2. _____;
3. _____.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін, сондай-ақ ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап беремін.

Қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Байланыс телефоны
Мөр (занды тұлғалар үшін, бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК